

Жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көпжылдық көшеттерін отырғызу және өсіру шығындарының құнын ішінара өтеуге арналған бюджеттік субсидиялар нормаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 16 қыркүйектегі № 295 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 23 қыркүйекте № 2806 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 21 шілдедегі № 224 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 21.07.2015 № 224 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына және «Жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көпжылдық көшеттерін отырғызу және өсіру (оның ішінде қалпына келтіру) шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 маусымдағы № 695 қаулысына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көпжылдық көшеттерін отырғызу және өсіру шығындарының құнын ішінара өтеуге арналған бюджеттік субсидиялар нормалары белгіленсін.

2. «Оңтүстік Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

2) осы қаулының Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Б.С. Оспановқа жүктелсін.

Облыс әкімі

А.Мырзахметов

« К Е Л І С І Л Г Е Н » :

Қазақстан

Ауыл

шаруашылығының

А.

Республикасы

министрі

Мамытбеков

2014 жыл « _____ » _____

Б . О с п а н о в

Б . Ж ы л қ ы ш и е в

Ә . Б е к т а е в

С . Қ а н ы б е к о в

Е . С а д ы р

С . Т ұ я қ б а е в

А . А б д у л л а е в

Р.Исаева

Облыс

әкімдігінің

2014

жылғы

16

қыркүйек

№

295

қаулысына

қосымша

Жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көпжылдық көшеттерін отырғызу және өсіру шығындарының құнын ішінара өтеуге арналған бюджеттік субсидиялар нормалары, теңге

Дақылдардың түрлері	Екпелердің сызбасы, метр	Көшеттердің саны	Көшеттің жасы	Отырғызу және өсіру шығындары 1 өсу жылы			
				Отырғызу және өсіру шығындары оның ішінде:			
				Барлық шығын	Субсидия нормасы (40%)	Барлық шығын, тіреуіш бағаналарды орнатумен	Субс (40%)
1	2	3	4	5	6	7	8
Жеміс-жидек дақылдарының көпжылдық екпелері үшін:							
Алмұрт	5x4	500	--	1 246 849	498 740	--	--
	4x1,5	1667	--	1 982 060	792 824	--	--
Алқоры	5x4	500	--	1 252 209	500 884	--	--
	5x3	667	--	1 312 413	524 965	--	--

Шабдалы	5x4	500	--	1 252 209	500 884	--	--
	5x3	667	--	1 312 413	524 965	--	--
Шие және Қызыл шие	5x4	500	--	1 252 209	500 884	--	--
	5x3	667	--	1 312 413	524 965	--	--
	6x3	556	--	1 272 397	508 959	--	--
Өрік	5x3	667	--	1 490 522	596 209	--	--
	5x2,5	800	--	1 538 469	615 388	--	--
	6x4	417	--	1 224 603	489 841	--	--
Алма	5x3	667	бір жасар	1 508 095	603 238	1 966 895	786 7
			екі жылдық	1 576 796	630 718	2 035 596	814 2
	5x2	1000	бір жасар	1 628 142	651 257	2 086 942	834 7
			екі жылдық	1 731 142	692 457	2 189 942	875 9
	5x2,5	800	бір жасар	1 556 042	622 417	2 014 842	805 9
			екі жылдық	1 638 442	655 377	2 097 242	838 8
	4x2,5	1000	бір жасар	1 628 142	651 257	2 086 942	834 7
			екі жылдық	1 731 142	692 457	2 189 942	875 9
	4x2	1250	бір жасар	1 750 225	700 090	2 209 025	883 6
			екі жылдық	1 878 975	751 590	2 337 775	935 1
	4x1,25	2000	бір жасар	2 102 106	840 842	2 708 906	1 083
			екі жылдық	2 308 106	923 242	2 914 906	1 165
	4x1	2500	бір жасар	2 327 566	931 026	2 963 966	1 185
			екі жылдық	2 585 066	1 034 026	3 221 466	1 288
	3,5x0,8	3572	бір жасар	2 937 572	1 175 029	3 688 524	1 475
			екі жылдық	3 305 491	1 322 196	4 056 443	1 622
	3,5x1	2857	бір жасар	2 456 265	982 506	3 092 665	1 237
			екі жылдық	2 750 536	1 100 214	3 386 936	1 354
3,5x1,25	2286	бір жасар	2 250 419	900 168	2 886 819	1 154	
		екі жылдық	2 485 877	994 351	3 122 277	1 248	
3,3x1	3030	книп-баум	2 830 721	1 132 288	3 467 121	1 386	
Жүзімнің көп жылдық екпелері үшін (тіреуіш бағаналарды орнату екінші жылы):							
Жүзімдіктер	3x2	1667	--	1 578 925	631 570	--	--
	3x1,75	1905	--	1 603 439	641 376	--	--
	3x1,5, 2,25x2	2222	--	1 636 090	654 436	--	--
	2,25x1,75	2565	--	1 671 419	668 568	--	--
	3x1,25	2667	--	1 681 925	672 770	--	--
	2,25x1,5	2942	--	1 710 250	684 100	--	--
	3x1	3333	--	1 750 523	700 209	--	--
	2,25x1,25	3571	--	1 775 037	710 015	--	--
	2,25x1	4445	--	1 865 059	746 024	--	--
	2,25x0,8	5556	--	1 979 492	791 797	--	--

2011 жылы дәстүрлі технология бойынша отырғызылғандар үшін:

Дәнекті бақтар	--	--	--	--	--	--	--
Шекілдеуікті бақтар	--	--	--	--	--	--	--
Жүзімдіктер	--	--	--	--	--	--	--

Алманың «Апорт» сорты үшін (тамшылатып суғару жүйесін орнату шығындарын қоспағанда):

Екпелердің сызбасы, метр	отырғызу және өсіру (1 өсу жылы)		2 өсу жылы		3 өсу жылы		4 өсу жылы
	Барлық шығын	Субсидияның нормасы (30%)	Барлық шығын	Субсидияның нормасы (30%)	Барлық шығын	Субсидияның нормасы (30%)	Барлық шығын
8x6	1 832 000	549 600	358 200	71 640	383 000	76 600	385 000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК